



ТАЗА САЙЛАУ АДВОКАТУРАҒА ЖАҢА ТЫНЫС БЕРЕДІ



2025 жылғы 21 қарашада еліміздегі адвокаттық қауымдастықтың жетекшісі сайланады. Дерекке сәйкес, төрағалыққа 15 кандидат ұсынылды. Үміткерлерді тіркеу кезеңі 31 қазанда аяқталған, ал дауыс беру рәсімі заңнама және ұйым жарғысына сәйкес өтеді. Бұл сайлау адвокаттық қызметтің келесі төрт жылдағы бағытын айқындайтын маңызды сәт болып отыр.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

ШИКІ ЗАҢ ШЕКЕНІ ҚЫЗДЫРМАЙДЫ

Цифрлық кодекс жобасы мазмұн жағынан жаңашыл және қызықты идеяларға бай болғанымен, жалпы алғанда шикі әрі қайшылықты. Ондағы көптеген баптар декларативті сипатта жазылған, яғни нақты нормалар бекітуден гөрі, жалпы ниеттерді сипаттаумен шектелген. Бірқатар ережеде – оны кім, қандай тәртіппен және қандай тетіктер арқылы іске асыратыны нақты көрсетілмеген. Бұл қолданыстағы заңнамада, соның ішінде Азаматтық және Салық кодекстерінде қайшылық туғызуы мүмкін.

Құжат тиянақты құқықтық талдауды және әр бап бойынша пысықтауды қажет етеді. Сонда ғана ол нақты жұмыс істейтін құқықтық құралға айналады. Ал әзірге тек тұжырымдамалық сипатта қалып отыр. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Цифрлық кодексті» талқылау барысында Палата депутаты Ерболат Саурықов мәлімдеді. Халық қалаулысының айтуынша, дәл осындай кемшіліктер осыдан сәл бұрынырақ қабылданған жасанды интеллект туралы заңда да жіберілді. Бұл маңызды құжат толық пысықталмай, құқықбұзушылықтардың алдын алу және технологияларды этикалық реттеу

тетіктері жеткілікті деңгейде қарастырылмады. Енді цифрлық кодекс жобасында да осы сияқты әдістемелік олқылықтар қайталанып отыр.

Цифрлық кодекс жобасына Мәжіліс депутаттары бастамашылық жасады. Мемлекет басшысы өз жолдауында үш жылдың ішінде цифрлық ел құру міндетін қойған болатын. Оның құқықтық негізі осы құжат болмақ. Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Екатерина Смышляева ханымның айтуынша, құжат цифрлық мемлекеттің архитектурасы мен деректерді реттеуден бастап цифрлық адам құқығын қорғауға және киберқауіпсіздікті

қамтамасыз етуге дейінгі цифрлық құқықтық тәртіптің барлық негізгі салаларын қамтиды. Кодекстің жобасы технологиялық және контенттік бейтараптық қағидаттарына негізделген.

Кодексте қоғамдық басқару жүйесі ретінде цифрлық ел туралы бөлім ерекше орын алады. Ол орталық және жергілікті органдарды, квазимемлекеттік секторды және цифрлық қызметтерді біртұтас архитектураға біріктіреді. Алғаш рет цифрлық ортада қоғамдық функцияны орындайтын субъектілер ұғымы енгізіледі, бұл қоғамдық мүддені сақтау жауапкершілігі тек мемлекеттік органдарға ғана қатысты емес дегенді білдіреді. Цифрлық объектілердің өмірлік циклі жоспарлау сәтінен бастап пайдаланудан шығаруға дейін қайта қаралады. Цифрлық жүйелерді архивтеу процедурасы да реттеледі.

Кодекс цифрлық ортадағы негізгі адам құқығын – ұмытылу, ақпаратқа қол жеткізу, цифрлық сәйкестендіруді қорғау және құпиялылық құқығын қамтиды. Бұл орайда көп

факторлы және биометриялық қоса алғанда, аутентификация және сәйкестендірудің құқықтық негізі нығайтылды. Электрондық цифрлық қолтаңба жалғыз білікті нысаны ретінде сақталады.

Сондай-ақ, цифрлық растау санаты енгізілді – бұл жоғары заңды маңызы жоқ әрекеттерге қолданылатын ниетті білдірудің жеңілдетілген нысаны. Цифрлық ортадағы құжаттар бірнеше форматта болады. Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжаттар қағаз құжаттарға баламалы, сандық құжаттар – ұлттық тізілімдерден динамикалық түрде жасалған және ұсынылған кезде түпнұсқаға баламалы, сандық ақпарат – анықтамалық деректер көздерінен алынған заңды маңызды деректер болады.

Кодекс эксперименттік құқықтық режимдерді (ЭҚР) енгізу, бақылау және тоқтату тәртібін біріктіреді, инновацияларды енгізу үшін болжамды жағдайлар жасайды.

(Жалғасы 5-бетте)

2,3-беттер




Шоқан ілімі – өшпейтін, өнегелі, өміршең ілім

4-бет



Ғидтер мен экскурсия жетекшілерінің біліктілігі сын көтермейді

8-бет



Ар жазасы – ақиқат айнасы

ТАРИХ-ТАРАЗЫ

Мемлекет қандай негізімен пәрменді, қандай идеяларымен өміршен, қандай ұстанымдарымен танымал, қандай беделімен сыйлы? Міне, бұл кез келген елдің бет-бейнесін әлемге танытатын жиынтық доктрина. Яғни, осы сауалдарды жіктей отырып біз ондағы өзімізге асыл, өзімізге жақын, өзімізге жанашыр аяулы дүниелерді ақтарамыз. Ол архив бізді тегеурінді мемлекет құру жолында барын салған ержүрек бабаларымызбен табыстырады. Біз ата тарихтың абызына айналған осындай қайраткерлерімізді қанша мәрте болса да дәріптеп, қаншама жылдар өтсе де ұлықтап отыруға тиіспіз. Арғы тарихтан тартсаң айтулы ақтаңдақтар жетерлік. Бергі тарихқа бет бұрсаң, бедері көп саясатты өз ұлтының игілігіне қарай бейімдеуге ұмтылған беделді тұлғалар баршылық. Солардың бастауында, сан қырлы қасиетке ие Шоқан дара тұлға тұр.

Шындығында, мемлекеттің қалыптасуы да адамның ғұмыры секілді. Тек адам – қысқа ғұмырлық, мемлекет – мәңгілік. Жер бетінде пайда болып, қалыптаса бастағаннан-ақ, оның алдында сан мыңдаған мақсат, мұраттар тұрады. Сол мұраттарды ұлтының білім ғылым, ілім, рухани сауатына, адамзаттық құндылықтарына пайдалануына тілектес болып, соның жолында қысқа ғұмырын сарп еткен бірегей қайраткер де осы Шоқан. Ол өзінің аз ғұмырында ілімнің тұнығын, білімнің озығын, төреліктің әділетін теріп, еліне, жеріне аманаттады. Аққан жұлдыздың өркениетті мемлекетке мұраға қалдырған өлшеусіз еңбегі еліне таусылмас кен, түгесілмес қазына.



ШОҚАН ІЛІМІ – ӨШПЕЙТІН,

Шоқанның бұл еңбегіндегі дала сотының жанашыры, арашашысы бола білген халықшыл талабына назар аударады. «Шоқан реформаны халықтың табиғи дамуын ескермей, күштеп енгізу халықтың наразылығын тудырып, кері әрекетке әкелуі мүмкін деген ой қалыптастырды», – деп жазыпты ол.

«Өткен заманда өмір сүрген болашақтың адамы»

Ш.Уәлихановтың консерваторлығы туған халқының дәстүрлі саяси

Шоқан Уәлиханов өзінің атақты «Сот реформасы туралы жазба» атты еңбегіне кіріспес бұрын үкімет басылымдарының біріне «Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. Бұл заң қаншалық олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай күмән жоқ» деп жазыпты. Патшалық үкімет өз ықпалдарында тәрбиеленіп, оқып, өсіп шыққан ғалым саяси заңнамалық бағыттарға батыл қарсы шығады деп күтпегені анық.

Ғалым, этнограф, саяхатшы, тарихшы, тұңғыш заңтанушы реформатор Уәлихановтың өлшеусіз еңбегі бүгін біз санамалап отырған бір қалыпқа сыймайды. Осы тұста тек, ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмірдің сөзіне жүгірсек – қазаққа «Арқаға барып, әншімін деме, батысқа барып, күйшімін деме, Сыр бойына барып жыршымын деме» демекші, Семей топырағын басқанда Абай – Құнанбай – Шәкәрімдер туралы сөз қозғауға жүрексінесек, Көкше топырағында Шоқан туралы, оның қасиетті ата-бабалары Абылай хан мен Кенесары хандар туралы сөз қозғау қиын, өйткені, мұндағы әрбір мекен тұнып тұрған тарих, әрі осы ұлы адамдарды еске түсіреді, дейді.

«Ұлтыңды сүйсең Шоқанша сүй»

Ақмола облысының Бұрабай аудандық сотында өткен көрнекті ағартушы-ғалым, саяхатшы, этнограф әрі шығыстанушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың 190 жылдығына орай «Шоқан – қазақтың тұңғыш құқықтанушы-реформаторы» атты конференцияда салмағы ауқымды, көптеген келелі мәселелер көтерілді.

Шараға Судьялар одағының бастамасымен Ақмола облыстық соты және өңірдегі университеттер ұжымы мұрындық болды. Конференцияға республикамыздың түрлі облыстарынан арнайы делегациялар, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьялары, атап айтқанда, Р. Мамырбаев, Ә.Құрықбаев, Т.Қожан, Б.Мақұлбеков, М.Шеген, Ә.Ыбырай, ҚР Сот әкімшілігінің өкілдері, облыстық сот, аудандық сот судьялары, жоғары оқу орындарының басшылары мен ғалымдар қатысты. Сонымен бірге Шоқан Шыңғысұлының бауырларының ұрпақтары да жиын қонақтары ретінде шақырылды.

Жиын модераторы болған Судьялар одағының төрағасы Д.Әмір ғалымның сот реформалары мен дала заңдары, құқықтық негізге мән берген еңбектеріне баға беріп, бастама-

ның мақсатын түсіндірді. ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы А.Мерғалиевтің құттықтауын жеткізіп, Жоғарғы Сот басшылығының қазақ тарихындағы ұлы тұлғаларды ұлықтаудың маңыздылығына тоқталған сөзін жеткізді. Облыс әкімі Марат Ахметжановтың құттықтауын жеткізген әкім орынбасары Алтынай Амренова да конференцияның қажеттілігіне кеңінен тоқталды. Конференцияны ұйымдастырудың келешек ұрпақ пен ғылымға қосатын үлесін атап өткен облыстық сот төрағасы А.Жүкенов жиынға қатысушыларға құрметін жеткізді.

Конференцияда Шоқан Уәлихановтың азамат, ғалым, саяхатшы, заңгер, құқықтанушы, реформатор ретіндегі қыры толыққанды ашылып, еңбектерінің жаңашылдығы, өзектілігі, маңыздылығы жан-жақты зерделенді. Қазіргі құқықтану, заң шығару, әділет үстемдігін орнату ісінде қолданудың өзектілігі, ғылыми айналымдағы қарқынын күшейтіп, заңгерлерді дайындау ісіне кеңінен қамту қажеттігі айқындалды.

Судьялар одағы төрағасының жиын барысында ағартушы ғалым жайлы айтқан мына бір тұжырымдамасынан-ақ тақырыптың қаншалықты құнды, патриоттық тәрбие үшін қаншалықты таптырмас азық екенін бағамдайсыз және көрнекті тұлғаның мұрасы мен қайраткерлігін толыққанды зерделеу керектігіне көз жеткізе түссесіз: «Қазаққа «Жақсының артынан сөз ереді...» деген даналық ұлағат бар. Сол кездері, ел арасында, Шоқан «орыстың шпионы» деген қаңқу тараған екен дейді, ал оның өмірі мен шығармашылығымен таныс адам, туған халқына деген махаббатына тамсанбасқа шарасы қалмас еді, тіпті, қазақ іші түгелі, орыс ортасы оның қазақилығына, ұлты үшін жанын қиюға даярлығына, елінің ар-намысын қызғыштай қорытынына таң қалып, тамсана жазды емес пе?!

Кейбір жел сөзге ерік бергендер, оны «таза қазақ емес» деп те қараламақ болған. Ал Шоқан еңбегін саралап шыққан адам, Шоқанның еш жерде өзін төремін, Шыңғыстың, Абылайдың ұрпағымын» дегеніне әбден көз жеткізер еді. Тіпті, «Абы-

лай» деген тарихи зерттеу мақаласында өзінің хан ұрпағы екенін еске салар бір ауыз сөзі жоқ. Керісінше, әрбір мақаласынан кездестіретіміз – қазақтың мұңы мен жыры. Бар арман мүддесі – ұлтының қамы мен тірлігі, оның болашағы, дамып, өркендеп, алдыңғы жұрттар қатарына қосылуы. Сондықтан, аға буын өкілі ретінде, жас буынға, залда отырған шәкірттерімізге айтарым, елің мен жеріңе Шоқан бабаларыңдай адал қызмет етіндер, ұлтыңды Шоқанша сүй, еңбегінді сіңір дер едім», – дейді одақ төрағасы.

«Халықтың салт-дәстүрі заңнан биік» деген тұжырымды алдыға тартып, өз халқының әдет-ғұрпын қайта жаңғыртуға ұмтылу ол кезеңде мүмкін еместей көрінеді. Бірақ,

етудің өзектілігін Көкше жерінде өткен жиында тереңнен ұғындық.

Конференцияда Шоқан Уәлихановтың азамат, ғалым, саяхатшы, заңгер, құқықтанушы, реформатор ретіндегі қыры толыққанды ашылып, еңбектерінің жаңашылдығы, өзектілігі, маңыздылығы жан-жақты зерделенді. Қазіргі құқықтану, заң шығару, әділет үстемдігін орнату ісінде қолданудың өзектілігі, ғылыми айналымдағы қарқынын күшейтіп, заңгерлерді дайындау ісіне кеңінен қамту қажеттігі айқындалды.

ҚР Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмірдің осы тұрғыдағы айтып жүрген әңгімелері оқырмандарымызға таныс. Ол бұл жиында жасаған баяндамасында Уәлиханов-

бұндай көзқарас Шоқанды ұлтынан жирендірген жоқ, керісінше өз халқының ата-дәстүрін өз заманында енді ғана қолға алына бастаған құқықтық кеңістікпен үйлестіруге ұмтылты. Небәрі отыз жыл ғұмыр кешкен ғалымның ерік-жігері енді ояна бастаған елге тамызықтай болды. Ол кездегі қайраткерлік қазіргідей емес, нағыз жанкештілік пен елдің еңсесін көтеру жолында басын бәйгеге тігу секілді құрбандықтарға итермеледі. Ол Шоқан үшін терең ізденіс, ұзақ күндер мен айларға жалғасқан тынымсыз еңбек еді. Шоқанның заң саласындағы қайраткерлігі талай ғалымның ізденісіне жол ашатыны анық. Өткен тарихтың бағасы бүгін берілуі тиіс.

Өзіне етене таныс заң ғана халық үшін жайлы болмақ

Заң адамдардың тәжірибесін қоғам игілігіне пайдаланатын адамдық даналықтың жоғары көрінісі. Ол ең алдымен әр халықтың дәстүрі мен мәдениетіне сай болу керек. Қазақтың тұңғыш заңтанушы әрі құқықтық реформаторы қысқа ғұмырында осы идеяны өмірге әкеліп, оны елге қызметінде ту етті. Шоқан Уәлихановтың бұл жолда жасаған әрбір ісі, қалдырған ғылыми зерттеулерінің еліміздің демократиялық тұрғыдан дамуында практикалық маңызы зор. Сондықтан оларды зерттеп зерделеп, құқықтық іс-шараларда әрдайым басшылыққа алу қажет. Әсіресе ғалым-реформатордың өз елінің тәуелсіз заңы болуы қажеттігі жөніндегі ұстанымы естен шықпағаны абзал. Оның осы идеясының өміршен де терең мағынасы, олардың заң шығару, құқықтық мемлекет құру ісінде темірқазық

тың халқының қалыптасқан қағидаларын ескермей, далаға үстемдік орнату мақсатымен қабылданған заңның ешбірі елінің дамып, ілгерілеуіне ықпал ете алмайтыны жөніндегі тұжырымы жайлы кеңінен әңгіме қозғады. Оның осы идеяны жүзеге асыру жолындағы жанкештілігі, батылдығы, ел мүддесіне адалдығы жайлы өнегелік маңызы зор мағлұматтар берді.

Мәселен, Шоқан Уәлиханов өзінің атақты «Сот реформасы туралы жазба» атты еңбегіне кіріспес бұрын үкімет басылымдарының біріне «Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. Бұл заң қаншалық олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай күмән жоқ» деп жазыпты. Патшалық үкімет өз ықпалдарында тәрбиеленіп, оқып, өсіп шыққан ғалым саяси заңнамалық бағыттарға батыл қарсы шығады деп күтпегені анық. Олар жеме-жемге келгенде, жас ғалымның өздерін қолдайтынына сенді, сондықтан да, «дала заңдарын» дайындайтын, осы мақсатпен қазақ даласын барлап, жергілікті жұрт пікірімен танысатын комиссия құрамына Шоқан Уәлихановты бекітуді дұрыс көрді. Және қазақ ішінен одан артық кандидатура табылма-сын да патшалық шенеуніктер жақсы білді.

Бірақ, Шоқанның осы комиссия жұмыс нәтижесін таразылайтын, сот реформасын қорытындылайтын «Сот реформасы туралы жазбасы» олардың үмітін тас-талқан етті. Шоқан Уәлиханов өзін патшалық қоғамның адал қызметшісі тұрғысынан таныта отырып та, өз халқының мүддесін жоғары қойды, патша үкіметіне бұрынғы дала заңдарымен санасуды, негізгі бағыттарды сақтауды ұсынды.

құқықтық заңдарының мәніне бойламай, бұзып бүлдіруден сақтауға, өз халқының көзі ашық азаматы ретінде араша тұрып, қорған болуға бағытталды. Шоқан дәл сол тұстағы көзқарас тұрғысынан алғанда заңнамалық төңкеріс жасады деуге болады. Өйткені «Сот реформасы туралы жазбасы» бұрын-соңды болмаған, қазақ даласы түгелі, тап сол алып Ресей империясы үшін де үлкен серпіліс тудырған, айды аспаннан бір-ақ шығарғандай ұлы еңбек болатын.

Шоқан осы кезеңдерге дейін, жиһанкез саяхатшы ғалым ретінде танылып келсе, бұл мақаласы арқылы мүлде басқа қырынан танылды. Және ең бастысы, көзсіз ерліктей болып танылған аталмыш мақаланы жазуға кездейсоқ нәртәуекел еткен жоқ, үлкен дайындықпен келді. Ол бүкіл дүние жүзінің ірі мемлекеттерінің заңнамалық бағытын, құқықтану саласын түбегейлі тексерді. Әсіресе, сол тұстарда дүниежүзін дүр сілкіндірген француз революциясы заңдылықтарымен тиянақты танысып шықты. Өйткені, патшалық Ресей империясының заңнамалық реформасына батыл көзқарасын білдіру үшін, яғни, ашық талас-тартысқа шақыру осыны талап етті. Шоқан қандай тәуекелге барғанын өте жақсы ұқты; мұндай батыл қадамы патша үкіметі тарапынан елеусіз қалмайтыны анық болатын. Сондықтан, ғалым ашық пікірталас, дискуссияға дайын болуы керектігін сезіне білді. Соған орай оған қазақтың билер институтының астамшыл империя көзінен таса болып келген қырларын, ежелгі заңдары мен кодекстерін жақсы білуі тиіс болатын.

Шоқан қазақтың сот реформасының барлық мәселелері жөніндегі заң комиссиясының жұмысына қатыса отырып, халық үшін аса маңызды болатын өзекті мәселелерде айрықша ұстанымын білдірді.



Даланың феодалдық-патриархалдық тәртібін сынай отырып, патшалық шенеуніктердің асыра сілтеушілігін де өткір айыптай білді. Шоқанның «Сот реформасы туралы жазбасындағы» біздің айрықша мән беріп, дәлелдегіміз келіп отырған консерваторлық күш қуаты неде? Оған нақты жауапты аталмыш еңбектің өз ішінен табамыз: «...Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы – немқұрайлылық пен ресми керітартпалықтың жоқтығы. Бидің мәні беделге негізделген және бұл атақ сот практикасына деген патент тәрізді.

Орыстың көрнекті ғалымы, академик Н.Веселовский: «Шоқан отызға толмаған жасында басқалар

ниеті жоғары екенін, тіпті кейбір істерде еуропалық тәжірибеден де артық тұстар бар екенін дәлелдеді. Мәселен, дауларды бейбіт жолмен шешу, куәлардың шынайылығы, ел алдында жауап беру дәстүрі – бұлар ұлттық құқықтың артықшылықтары еді.

Құрықбаев мырзаның айтуынша, Шоқан Уәлихановтың сот реформасына қатысты көзқарастары – ұлт мүддесін қорғау, әділеттілікті сақтау және дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру үлгісі. Оның ұстанымдары тек тарихи құндылық емес, бүгінгі құқықтық жүйені дамытуда да бағдар бола алады. Шоқанның сот реформасына қатысты идеялары – қазақ даласындағы құқықтық ойдың биік шыңы.

қыс бойы қыстауынан ірге аударып, жылжымай жатып алған Қодар мен келіні жұрт жаман атқа таға бастайды: «Жалғыз баласы өлген соң, келіні Қамқамен жақын болыпты».

Өсек сөз Құтжанның нағашы жұрты, Тобықтымен көрші ел Сыбанға жеткенде оның төресі: «Шыңғыстау бөктеріндегі шашты сайтаныңды тыйсаңшы», – деп Құнанбайдың бетінен алған соң, ауылға оралған ел ағасы тергеу ісін бастайды.

Әуезов эпопеяда Қодар мен Қамқаны жазықсыз қылмыстық жазаға тартылып, қорлықпен өлген күнәсіз, кінәсіз бейбақтар деп, Құнанбайды қылмыскер қылып бейнелеу жолын таңдаған. Жазушыдан жасы да, жолы да үлкен Шәкәрім

гізген заңдары тұрғанын, қырдағы барлық патология солардан бастау алғанын қадап жазған. Азбанбаевтың айтуынша, қазіргі тарих азамат Шоқан дүниеден тікелей өз кіндігінен тараған ұрпақ көрмей өтті десе де, ғалым Шоқанның көзі тірісінде, оның өзін де, сөзін де көрген жалғыз болса да, бірегей ғылыми шәкірті Абай болғанын Құнанбай Өскенбайұлының Омбыдағы архивтік ісінде сақталған деректер дәлелдейді. Абай да өзінің алғашқы көрген ғадилетті ғалым Шоқан бейнесін есте ұстап, «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз?» деген өлеңіне қосқан. Жиында сөз алғандардың бірі

лиханов» энциклопедиясының бас редакторы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Қабиденұлы Әбуевтің бастамасымен 2011–2012 оқу жылынан бастап Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті студенттеріне «Шоқантану» пәнінің курсы оқытылууда.

«Шоқантану» пәні курсының мақсаты – Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметін оқып білу арқылы студенттерді Отан тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеп, олардың бойында шынайы гуманистік көзқарастар мен қазақстандық патриоттықтың қалыптасуына ықпал ету; ғалымның ғылыми мұрасын өз бетінше білім алу мен мінез-құлықты тәрбиелеу, қазіргі қоғамға қажет білімді тұлғаны, кәсіпқой маманды қалыптастыру ісінде пайдалану.

Тоқтәтерін айтқанда, жиында өз пікірін ортаға салған тағы бір спикер Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің аға оқытушысы Дінмұхамед Кенжебек айтқандай, Шоқан Уәлихановтың реформаторлық идеялары бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Қазіргі Қазақстанның құқықтық мемлекет құру, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету және адам құқығын қорғау жолындағы бастамалары Шоқан армандаған әділетті қоғам идеясымен сабақтас. Ол «заң халықтың рухани айнасы болуы тиіс» деп жазған еді. Бұл тұжырым қазіргі құқықтық мәдениеттің де басты қағидаты болып қала береді.

Қорыта келгенде, Шоқан Уәлиханов – қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін ғылыми тұрғыдан зерделеп, оны заман талабына сай жаңғыртуға үлес қосқан тұңғыш реформатор. Оның еңбектері қазақ заң ғылы-

ӨНЕГЕЛІ, ӨМІРШЕҢ ІЛІМ



бүкіл өмірін жұмсаса да жасай алмағанды жасады», – деген екен. Бұл өзге жұрт өкілінің шынайы мойындауы емес пе?! Ал қазақтың тағы бір дара перзенті Олжас Сүлейменов Шоқан туралы: «Ол өткен заманда өмір сүрген болашақтың адамы», – депті. Осындай шынайы, оқшау пікірлер Шоқан Уәлихановтай қазақ ұланының данышпандық тұлғасын аша түсердей.

Бұл ойды ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы, Сот төрелігі институтының құрметті профессоры Әділ Құрықбаев конференцияда ортаға салған толғамдары толықтыра түсті. Әділ Жамбасбайұлы ағартушы-реформатордың құқықтық реформаны халықтың мүддесіне сай жүргізу қажет екенін ерте түсінгеніне, ұлтымыздың дәстүрлі құқықтық жүйесін, әсіресе билер сотын, халыққа жақын әрі әділ құрылым деп санағаны жайлы сөз қозғады. Оның сөзінен түйгеніміз, Шоқан билер соты тек құқықтық орган емес, сонымен қатар халықтың тәрбие құралы, ұлттық болмыс пен әділеттің көрінісі екенін, ресейлік жазалауға негізделген жүйе қазақтың бітімгершілікке бағытталған, татуластыруды көздейтін дәстүрлі заңдарымен үйлеспейтінін үнемі айтып дәлелдеумен болды. Ресей сот жүйесі қазақ қоғамына жат, түсініксіз әрі қағазбасты болатын. Бұл жергілікті халық арасында сенімсіздік туғызатынын Уәлиханов нақты мысалдармен түсіндірген.

Ағартушы-реформатор сот реформасының сәтті жүзеге асуы үшін бірнеше маңызды ұсыныс айтты. Олар билер институтын жоюға емес, оны сақтауға назар аудару қажеттігі, билер сотына әкімшілік сайлайтын билерді енгізбеу, халық өзі сенетін, әділ, парасатты адамдарды ғана би ретінде таңдау, қазақтың әдет-ғұрпына, салт-санасына бейімделген құқықтық нормаларды енгізу, реформаларды орталықтан емес, жергілікті жағдайға бейімдеп жүргізу керектігі. Ол сонымен қатар қазақ халқының құқықтық мәде-

«Әділет – барша ізгіліктің Анасы-дүр...»

Жиында баяндама жасаған доғарыстағы судья, профессор Марат Азбанбаев ағартушы ғалымның сот реформасын жүзеге асыру ісінде әділеттік қағидасын алға шығарғанына назар аударды. Сот реформасы жайлы еңбегінде ол «Әділет – барша ізгіліктің Анасы-дүр. Ынсап, ұят – бұл әділеттен шығады. Қазақтың әділет дастандары, әдеби әділетті әңгімелері әділетті адамдардың әділет ісіне, ғадалат ғылымына қызмет етуінен жаралған шығармалары. Әділетті адам әділет ісіне қызмет қылу үшін ғадалат ғылымына ие болу керек» деген. Бұл ойын әрі қарай «Чтобы приобрести имя бия, киргизу нужно было не разъ показать передь народомъ свои юридическія знанія и свою ораторскую способность» деп дамытыпты. Азбанбаев осы тұрғыда сөз сабақтады. «Шоқанның «юридическія знанія» ұғымын біз әділет ісінің алды-артын байқарлық «ғадалат ғылымы» деп қазақшаладық. Ғадалат ғылымы барша адамзатқа тән, жалпыға тиесілі нәрсе. Қазақ та адам баласы, оның да білім, ғылымы ерте дәуірлерде қалыптасқан. Соның бір мысалы ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясынан Қодар мен Қамқа оқиғасын алып талдайық.

Жазушы М.Әуезов эпопеясы ауылына асыққан бала шәкірттің үлкен жолдастарының оны жолбасар ұры-қарыға толы тұста жалғыз шабудан тежеуінен басталып, Құнанбай ауылында Тобықты үлкендерінің «Қодар сұмдығына» тергеу жүргізіп жатқанымен жалғасады. Эпопеядағы Қодар батыр – денелі, алпысқа жаңа кірген, бурыл қарт. Ұлы Құтжан қайтыс болған соң, көшерге көлігі жоқ болып, оны елден сұрауды лайықты санамаған Қодар келінімен қыстауда отырып қалған. Ел аузына кім қақпақ болады,



Азбанбаевтың айтуынша, қазіргі тарих азамат Шоқан дүниеден тікелей өз кіндігінен тараған ұрпақ көрмей өтті десе де, ғалым Шоқанның көзі тірісінде, оның өзін де, сөзін де көрген жалғыз болса да, бірегей ғылыми шәкірті Абай болғанын Құнанбай Өскенбайұлының Омбыдағы архивтік ісінде сақталған деректер дәлелдейді. Абай да өзінің алғашқы көрген ғадилетті ғалым Шоқан бейнесін есте ұстап, «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз?» деген өлеңіне қосқан.

«Қодардың өлімі» дастанында Қодар мен Қамқаны ар сүймейтін, ел бұзатын ерсі, улы іс қылғандықтан дарға асты деп адамдық құқықты қорғай сөйлеген. Ғадалат ғылымы – дінсіз таза ақыл болғандықтан қазақтың далалық соты шығарған шешімі біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырларда, ислам дінінен көп бұрын Ману заңының 213, 214, 215-баптарындағы «Ер адамға бөтен әйел түгіл, өзінің анасы, қарындасы, қызымен оңаша қалуға болмайды» деген ар қорғаушы, адамның адамдығын қорғайтын құқықтық тыйымға негізделген-тін.

Шоқан дала жұртына жаңа сот реформасын енгізбек үкіметке де дінсіз, таза ақылмен ойлап оның қазақтың ұлттық мінезін және тұрмысына қолайлылығын есепке алу қажет дейді. Сот реформасынан қазақ халқына төнген қауіп-қатерді еркін жүргізіп анық сезген Шоқан метрополиялық заңның қазақ тіршілігіне толығымен қолданылуына қарсы шығып өз наразылығын ашық жеткізген: «Кез келген түрлендіруді қана денесіне егу және оны сосын сақтап қалу үшін сол қоғамның пайдасына қолға алынған реформа оның материалдық қажеттілігіне сәйкес және ұлттық мінезіне бейімделген болуы тиіс.

Аталған шарттар сақталмай егілген кез келген жаңашылдықтан сөзсіз зарар шығып кетуі бек мүмкін және қалыптан тыс құбылыс ретінде тек қана бағусыз дерттер мен патология тудырады». Ойшыл Шоқан бағусыз дерттердің басында 1822 жылы метрополияның ен-

– гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы университеттің тарих, география және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының лекторы Амангелді Шапкеновтың айтуынша – Ш. Уәлихановтың ғылыми және ағартушылық қызметінің зор тарихи маңызы қазіргі заманда да сақталып отыр. Оның шығармашылық мұрасын есте сақтау және ғылыми еңбектерін насихаттау бойынша көп жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, ғалымның таңдамалы шығармалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірнеше рет жарық көрді, бес томдық шығармалар жинағы үш рет баспадан шығарылды. Ш. Уәлихановтың тарих, география, этнография және басқа да ғылым салалары бойынша еңбектерін зерттеу үнемі жүргізіліп келеді (оның өмірі мен қызметі, ғылыми ізденісі, дүниетанымы және т. б. туралы кітаптар, монографиялар, ғылыми конференциялар материалдарының жинақтары жарық көрді). Осының бәрі біздің елімізде тұңғыш қазақ ғалымына, халықтың талантты ұлына деген ұқыпты және құрметті қатынасты көрсетеді.

Осындай істердің қатарында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің білім беру бағдарламасына «Шоқантану» пәні курсының енгізілуін атауға болады. Ұзақ жылдар бойы біздің университетімізде ұстаздық және ғылыми еңбек еткен, Ш. Уәлихановқа арналған «Шоқан Уәлиханов және оның замандастары» атты монография мен бірнеше мақалалардың авторы, «Шоқан Уә-

мының негізін қалаған баға жетпес мұра. Шоқанның құқық пен әділет, билік пен адамгершілік туралы ойлары ұлттық құқықтық сананы қалыптастыруда әлі күнге дейін өзекті.

Далалық би институты – ұлттық құқықтану ғылымының бастауы

Шоқан Уәлихановтың ғалым, зерттеуші ретіндегі көп қыры ашылған. Бірақ оның заңгер ретіндегі ғалымдық жолы әлі де зерттеуді қажет ететін бағыт. Оны сөз алған доғарыстағы судьялар Әділ Құрықбаев, Бағлан Мақұлбеков пен Марат Азбанбаев растап, далалық би институты туралы зерттеулері ұлттық құқықтану ғылымының бастауы болу керек деген ұсыныстарын айтты. Жоғарғы оқу орындарынан келген ғалымдар бірлесіп, Шоқан туған өлкеден бастау алған бұл идеяны жалғастыруға ықыласын білдірді. Әсіресе, жас ғалымдар құлшыныспен шоқантану іліміне заңгерлік және билер тарихын үйлестіру келешек зерттеушілерге тың дүниелер табу мүмкіндігін беретінін қосты.

Конференция қарарында берілген ұсыныстарды талдап, 13 қарашаны «Шоқан күні» деп арнайы белгілейік деген ұсынысты талқыға салды. Конференцияға қатысушылар бүгінгі күннің ерекше мәнді өткенін, судьялар қауымының ұлы тұлғаны ұлықтаудағы бастамасы халық тарапынан қолдау табатын бастама екенін атап, ой-пікірлерімен бөлісті. Осылайша, Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығы сот жүйесінің мәртебесін асқақтатқан шара болды деп айтуға толық негіз бар.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАЗА САЙЛАУ АДВОКАТУРАҒА ЖАҢА ТЫНЫС БЕРЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сайлауға ұсынылған кандидаттар арасында адвокаттар қауымдастығының аймақтық алқаларының төрағалары мен қалалық адвокаттар алқаларының жетекшілері бар. Тізімде Ақмола, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Шымкент, Павлодар облыстары және Астана қаласы аталған.

Сайлау қарсаңында біз бірнеше өңірдің адвокаттарымен сөйлесіп, жаңа төрағадан не күтетінін, биылғы сайлау үдерісіне қандай баға беретінін және адвокаттардың қазіргі ең өзекті мәселелерін сұрадық. Әр адвокат өз салалық тәжірибесіне сүйене отырып, жеке пікірін білдірді.



Ләззат АХАТОВА,
Ақмола облыстық адвокаттар алқасының адвокаты



Эльнура КІШКЕНБАЕВА,
Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты



Шыңғыс СЕЙФУЛЛА,
Астана қаласы адвокаттар алқасының адвокаты

Төраға – беделі бар, жан-жақты заңгер болуы тиіс

Ақмола облыстық адвокаттар алқасының адвокаты Ләззат АХАТОВАНЫҢ айтуынша, адвокаттар қауымдастығының төрағасы ең алдымен жан-жақты білімді, мәдениетті және парасатты тұлға болуы керек. Ол жаңа басшыдан адвокаттар құқығын нақты қорғай алатын салмақты көшбасшылық күтілетінін жеткізді.

Ахатова тіл мәселесіне де ерекше тоқталады. Оның сөзінше, қазіргі төраға Айдын Бікебаев қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруімен, кәсіби деңгейінің биік екенін көрсетті. Сондықтан, адвокаттың сөзін сотта да, мемлекеттік органдар алдында да дәл жеткізе алу үшін төрағаның екі тілде еркін сөйлеуі қажет.

Оның пікірінше, соңғы төрт жылда адвокатура саласында айтарлықтай өзгерістер жүзеге асты:

- сот және тергеу органдарындағы кедергілер азайды;
- адвокатура алғаш рет жеке фирматқа қол жеткізді;
- мемлекеттік органдармен бірлескен жиналыстар көбейді.

Ахатованың айтуынша, жаңа төраға осы бағытты жалғастыра алатын, адвокаттардың дауысын жеткізе алатын, мінезді әрі жан-жақты маман болуы тиіс. Ақмола облыстық алқасының адвокаты Ләззат Ахатова биылғы сайлау науқанының қарқыны бұрынғыдай емес дейді. Оның сөзінше, «биылғы сайлауалды дода өткен сайлаудағыдай емес, солғындау секілді. Бағдарламалар да бір-біріне ұқсас, жаттанды мәтін сияқты көрінді. Сондықтан пәлен деп айта алмаймын», – дейді адвокат.

Төрағаның міндетіне тоқталған ол, «төрағаның абыройы болу ке-

рек. Басқа мекемелерге сөзін өткізіп, адвокаттардың үніне, пікіріне құлақ астыра алу үшін соттардың, прокуратура мен полиция басшыларының алдында беделі болуы шарт. Ол үшін тәжірибелі, жан-жақты білікті маман болғаны дұрыс», – дейді Ахатова.

15 үміткер арасынан таңдау жасау да адвокат үшін оңай болмаған. «Бағдарламалар бір-біріне ұқсас көрінген соң, бұл сұраққа да пікір айта алмаймын. Бірақ әріптестер Батыс Қазақстаннан түсіп жатқан үміткерді лайық деп жатыр. Өзім танитын Ардақ Батиева, Астанадан Әсел Тоқаева және Түркістан облыстық алқасының төрағасы Қайрат Қамбаров лайық кандидаттар деп ойлаймын», – дейді ол.

Адвокатурадағы ең өзекті мәселелер туралы сөз қозғағанда Ахатова: «Өзекті мәселе көп. Соттарға реформа керек. Тергеу органдарына реформа жасалу керек. Заңсыздық көп. Кейде түңіліп кетеміз. Адвокаттардың үні естілуі керек. Өйткені құқығы бұзылған халықтың мүддесін қорғайтын бірден бір тұлға – қорғаушы», – деді.

Эльнура КІШКЕНБАЕВА, Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты:

Үміткердің екі тілді теңдей меңгеруі міндетті

Алматы қалалық адвокаттар алқасының мүшесі Эльнура Жұмабекқызы төраға лауазымына қойылатын басты талап заңнаманың өзінен басталатынын айтады. 2018 жылғы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға сүйенсек, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы – адвокаттардың құқығын қорғайтын, кәсіби қызметті үйлестіре алатын, ұйымның жұмысын жолға қоя білетін тұлға болуы шарт.

Э.Кішкенбаеваның пікіріне сүй-

енсек, болашақ төраға тек заң талаптарына ғана емес, кәсіби тәрбие мен рухани қасиеттерге де сай келуі тиіс:

«Төраға – сенімді қорғаушы. Оның тәуелсіздігі, ашықтығы, сенімділігі және жеті жылдық кәсіби тәжірибесі болуы қажет», – дейді ол.

Тіл мәселесіне қатысты адвокаттың ұстанымы айқын:

«Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сондықтан төраға қазақ және орыс тілдерін еркін меңгеруге міндетті», – деп есептейді.

Төрағаның міндетіне тоқталған Эльнура ханым, бұл лауазым иесі адвокаттардың кәсіби және құқықтық және әлеуметтік мүддесін толық қорғауы тиіс екенін айтады. «Төраға тек қана заңды біліп қою емес, адвокаттардың кәсіби және құқықтық, әлеуметтік мүдделерін қорғай білуі керек. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 44-бабына сәйкес жұмыс істей алуы маңызды», – дейді ол.

Кішкенбаеваның айтуынша, төраға адвокат мүддесін қорғау үшін төрт негізгі бағытта жұмыс істеуі қажет:

1. құқықтық қорғау – тәуелсіздік пен қауіпсіздікті сақтау;
2. өкілдік ету – билік пен қоғам алдында адвокаттар атынан сөйлеу;
3. кәсіби даму – әділ, білімді, біртұтас адвокатура қалыптастыру;
4. сенім мен бедел – адвокаттарының қоғамдағы орнын нығайту.

Болашақ төраға қандай өзгеріс әкелуі керек деген сұраққа ол: «Төраға ең алдымен адвокаттардың тәуелсіздігін нақты қорғап, билік органдарымен тең серіктестік орнатуы қажет. Сонымен қатар, адвокаттары жаңғыртып, ашық, цифрланған және қоғам сеніміне ие кәсіби ұйымға айналдыруы керек», – деп жауап берді.

Кішкенбаева биылғы сайлау үдерісінің ашықтығына күмән келтірмейді. Оның айтуынша, Қа-

зақстан унитарлы және демократиялық мемлекет болғандықтан, сайлау да еркін әрі әділ өтеді – дейді.

Шыңғыс СЕЙФУЛЛА, Астана қаласы адвокаттар алқасының адвокаты:

Қауымдастық күші – сенім мен әділдікте

Астана қаласы адвокаттар алқасының мүшесі Шыңғыс Сейфулла төрағаның негізгі міндетін тәуелсіздікпен байланыстырады. Ол үшін болашақ басшы ешкімнің ықпалында қалмай, шешімді тек заң мен ар-ожданға сүйеніп қабылдай алуы маңызды.

«Төраға – жай басшы емес. Ол адвокаттардың үні. Егер ол шын мәнінде ашық болса, адвокатура да тәуелсіз болады», – дейді Сейфулла.

Адвокат бюджет пен шешім қабылдау ашықтығына ерекше тоқталады:

- шешімдер жабық есік артында емес, адвокаттарға түсінікті форматта қабылдануы тиіс;
- өңірлердегі адвокаттардың мәселесі орталыққа толық жетіп, әділ шешім табуы керек.

Тіл меңгеруге қатысты ол өз ұстанымын кеңінен түсіндірді:

«Қазақ тілі – халықтың тілі. Адвокатура халыққа жақын институт болғандықтан, төрағаның қазақша еркін сөйлеуі – сенім тудырады. Бұл – тілге құрмет, құқықтық мәдениетке үлес», – дейді ол.

«Сайлау анық әрі ашық, сондай-ақ әділ түрде өтіп жатыр. Себебі мемлекетіміз унитарлы, демократиялық және тәуелсіз ел болған соң, сайлау да еркін және адал түрде өтеді», – дейді ол.

Сейфулланың айтуынша, адвокаттар қауымдастығының күші – сенім мен әділдікте. Сондықтан таза сайлау адвокатураға жаңа тыныс береді. Төрағаның адвокат мүддесін қорғауы туралы сұраққа нақты

бағыттарын атап көрсеткен кейіпкеріміз «Адвокаттың басты мүддесі – қауіпсіз еңбек ету. Біз қорғайтын азаматтың құқығын қорғау үшін өзіміз де қорғалуға тиіспіз», – деген пікірде.

Оның айтуынша, төраға: – адвокаттың процессуалдық имунитетін нақтылап, тергеу органдарының қысымына жол бермеуі тиіс;

– мемлекет кепілдік берген заң көмегінің төлемін әділ етуге күш салуы қажет;

– министрліктермен, соттармен, Парламентпен тең дәрежеде сөйлесе алуы маңызды.

Үміткерлердің бағдарламалары ішінде Шыңғыс Сейфулла Асель Тоқаеваның жоспарын ерекше атап өтті. «Оның сөзінде ресмилік аз, нақты іс-жоспар бар. Адвокаттардың қауіпсіздігі мен имунитетін күшейту, ГГЮП төлемін әділ ету, тәртіптік органдардың тәуелсіздігін сақтау сияқты бастамалары – адвокатура үшін маңызды бағыттар», – дейді адвокат.

Адвокатурадағы өзекті мәселелер дегенде бірнеше түбірлі проблеманы атап көрсетті. Біріншісі – сот жүйесінің тәуелсіздігі. «Өкініштісі – бізде кейде «айыптау бағыты» басымы болып кетеді. Тергеу мен сотта адвокаттың позициясы әлсіреп қалатын жағдайлар бар. Сот тәуелсіз болса ғана адвокат та, қоғам да сенеді», – дейді Шыңғыс.

Екінші мәселе, адвокаттардың қауіпсіздігі. Ол адвокаттардың қылмыстық қудалау, тінту, қысымға ұшырау жағдайлары әлі де кездесетінін қынжыла баяндады.

Үшінші мәселе – лицензиялау мен реттеу тәуелсіздігі. «Адвокатураның өзі лицензия беретін жүйеге көшу қажет. Сонда ғана «тәуелсіз адвокатура» туралы айтуға болады», – дейді ол. Сонымен қатар, аймақтар арасындағы теңсіздік, еңбектің бағаланбауы, тәртіптік жүйенің тәуелсіздігі де маңызды мәселелер қатарында.

Болашақ төраға қандай өзгеріс әкелуі тиіс деген сұраққа Сейфулланың жауабы анық:

- мемлекет кепілдік берген көмектің тарифін әділ ету;
- адвокаттың процессуалдық қорғанысын күшейту;
- РАА бюджетінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- ай сайын өңірлермен кездесіп, тыңдалым өткізу;
- цифрландыру арқылы шағым, ұсыныстар, статистика жүйесін ашық ету.

Соңында Шыңғыс Сейфулла адвокатураның қоғамдық жауапкершілігін ерекше атап өтті: «Бұл жай жұмыс емес – бұл қоғам алдындағы борыш. Сондықтан адвокатураның төрағасы да, әр мүшесі де осы сенімнің биігінен көрінуі керек. Мен болашақта біздің адвокатура шын мәнінде тәуелсіз, ашық әрі әділ ұйымға айналады деп сенемін», – дейді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ПАРЛАМЕНТ

Елімізде туризм кең ауқымда дамуы үшін оған бөлінген бюджет қаржысының тиімділігі артуы қажет. Бұған қол жеткізудің бір жолы осы ақшаның жұмсалыуының ашықтығын және бақылануын қамтамасыз ету.

Парламент Мәжілісінде бірінші оқылымда мақұлданданған туризм саласын қолдау бойынша еліміздің бірқатар заңнамалық актілеріне дайындалған түзетулер мен толықтырулардың негізгі мақсаты осы шараны құқықтық тұрғыда дәйектеуге бағытталды. Жаңа құжат Мәжіліс депутаттарының бастамашылығымен әзірленді.

Заң жобасы бойынша депутат Павел Казанцев баяндама жасады. Павел Олеговичтің айтуынша, заң жобасының тұжырымдамасы 2021 жылы қабылданған заңда белгіленген туризмді қолдау шараларының заңнамалық базасын әзірлеуге бағытталған. Естеріңізге сала кетейік, заңда осындай жеті негізгі шара мен қолдау саласы бар. Төрт жыл ішінде құқық қорғау тәжірибесі жинақталды, проблемалық салалар анықталды және нені түзету қажет екені белгілі болды.

Тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа құжатта бірнеше мәселе қарастырылған. Олардың біріншісі нарық қатысушыларына арналған мемлекеттік субсидиялар мен жеңілдіктерге қатысты. Бұл тұрғын үй нысандарын,

ГИДТЕР МЕН ЭКСКУРСИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ



келушілер орталықтарын, курорттарды және жол жиегіндегі қызметтерді салу мен қайта құруға бөлінген бюджет қаражатының жұмсалыуын бақылаудың қатар жүруі қажеттігіне орай туындады. Кімнің субсидия алатынын, қандай шарттармен және қандай нәтижелермен алатыны анық болуы керек. Сонымен қатар, пайда болуы мүмкін алаяқтық схемаларға тосқауыл қойылуы қажет. Осы мақсатта заң жобасында бюджет қаражатын мақсатты пайдалануда міндетті түрде бақылауды енгізу көзделіп отыр. Тісінше, ол уәкілетті органдардың мұндай шаралардың тиімділігін және оларды жұмыспен қамтуға, аймақтық табысқа және туристік өнімдердің сапасына әсерін бақылау бойынша тиісті құзыреттіліктерін белгілейді. Сонымен қатар, бақылау және мониторинг функциялары орталықсыз-

дандырылған, бұл орайда кейбір өкілеттіктер әкімдіктерге беріліп, кейбірі министрлікте қалдырылады.

Заң жобасында, сонымен қатар, жеке туристік инфрақұрылым нысандарының анықтамалары нақтыланды және соңғы жылдары кең таралған келушілер орталықтары үшін жаңа анықтама белгіленді. Бұл мемлекеттік қолдау шараларының мақсатты сипатын қамтамасыз ету үшін қажет. Екіншіден, жергілікті атқарушы органдарға негізгі туристік аймақтардың шекараларын дербес анықтау мүмкіндігі берілді. Бұл инвесторлар үшін тиімді ынталандыру шарасы. Ол бюрократиялық кедергілер мен шатаусыз жергілікті деңгейде шешім қабылдауда ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, қызмет көрсету сапасы мен туристік сенім мәселесінің қауіпсіздігі назарға алынды. Бүгінде гидтер мен экскурсия жетекшілері бизнес субъектілері ретінде жұмыс істейтін шындық. Алайда, олардың жұмысының сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар жоқ. Мұндай қызметтерді көрсететіндер туралы ешқандай мағлұматты табу да мүмкін емес. Бұл қызмет туристік қауіпсіздікпен де байланысты. Ал, туристік қауіпсіздікке, экскурсиялық ақпараттың мазмұнына және гидтер мен экскурсия жетек-

шілерінің біліктілігіне қатысты көптеген теріс мысалдар көбейіп барады. Осы келесіздікке жол бермеу үшін гидтер мен экскурсия жетекшілерінің бірыңғай тізілімін енгізу олардың жұмысын жеңілдетеді. Бұл шара нарықтың сапасы мен ашықтығын шектеуге емес, жақсартуға бағытталған.

Төртіншіден, заң жобасында қонақ үйлерді бағалау және оларға «жұлдыз» санаттарын беру үшін сарапшы аудиторлар институтын енгізу көзделіп отыр. Бұл тәсіл қонақ үй қызметтерін сертифициаттаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

Заң жобасында шекарадағы туристік маршруттар үшін «жасыл дәліз» құру да құқықтық негізін тапты. Бұл шара келуші туризмді дамытуға бағытталған. Қазіргі уақытта бақылау пункттеріндегі кезектерге байланысты біз шетелдік туристерден айырылып жатырмыз. Аталмыш шара осы үрдістің алдын алады деген үміт бар.

Осылайша, заң жобасы туристік саланы мемлекеттік қолдаудың ашықтығын күшейтеді, туристік қызмет көрсету сапасына қосымша талаптар енгізеді, сондай-ақ азаматтарды қорғайды. Құжат бірінші оқылымда мақұлданды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



Дмитрий МАЛАХОВ, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы:

«СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ – КӘСІБИ СУДЬЯ КАДРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ МЕКТЕП»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Өткен жылы академияның 2025–2027 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекіттіңіз. Қандай маңызды жетістіктер жүзеге асты және олар сот жүйесіне не береді?

– Тұжырымдама Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының ұзақ мерзімді даму стратегиясын айқындайтын негізгі құжатқа айналды. Онда білім беру, ғылыми, кадрлық және инфрақұрылымдық құрамдас бөліктерді қамтитын бірқатар бағыттар белгіленді.

Біріншісі – білім беру бағдарламаларын жаңарту. 2025 жылы магистратураның оқу жоспарлары сот практикасындағы қазіргі қажеттіліктерді ескере отырып толық қайта қаралды. Практикалық тәжірибе мен ғылыми базаға өзінің оқытушылық кадрларын даярлауға бағытталған ғылыми-педагогикалық бағыт енгізілді. Бұл шешім сыртқы кадрлық ресурстарға тәуелділікті азайтып, академияның тұрақты ішкі ғылыми-оқытушылық әлеуетін қалыптастырады.

Екіншісі – докторантураны іске қосу. 2025 жылғы 4 маусымда Академияға «Құқық» бағытында докторантура бағдарламаларын жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия берілді. Бұл – жоғары ғылыми біліктілікке ие мамандарды даярлауға, құқықтық ғылымды дамытуға және өз зерттеу мектептерін құруға мүмкіндік беретін сапалы серпіліс. Докторантураның пайда болуы академияның аналитикалық әлеуетін күшейтеді және болашақта елдің бүкіл сот жүйесіне ғылыми кадрлар даярлауға жол ашады.

Үшіншісі – академияның ғылыми ұйым ретінде танылуы. 2025 жылдың көктемінде академия Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен аккредитациядан өтіп, ғылыми қызмет субъектісі мәртебесін алды. Бұл формальдылық қана емес, сот-құқық саласында ғылыми зерттеулердің аясын кеңейтуге, ұлттық және халықаралық гранттық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді. Мұндай тану ғылыми қаржыландыруға және халықаралық серіктестікке қатынасты ашады, сот жүйесінің интеллектуалдық әлеуетін нығайтады. Қазіргі уақытта академия бірнеше ғылыми



грант конкурстарына өтінімдер жолдаған.

Төртіншісі – академия ғылыми журналының мәртебесін көтеру. «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» ғылыми журналы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне енгізілді. Бұл басылымның академиялық деңгейін растайды және оны сот ісін жүргізу, құқықтық этика және сот реформасы салаларындағы өзекті зерттеулерді жариялау алаңына айналдырады. Журнал ғылыми идеяларды тарату және ғалымдар мен практиктер арасында тәжірибе алмасу үшін тиімді құралға айналды.

Бесіншісі – жеке қажеттіліктерге бейімделген біліктілікті арттыру бағдарламаларын дамыту. 2025 жылы алғаш рет қазіргі судьялар үшін нақты кәсіби сұраныстарға сай бейімделген оқу курстары енгізілді. Азаматтық істерде қадір-қасиетті қорғау, алқабилер қатысатын сот процесі туралы арнайы модульдер өткізілді. Бұл бағдарламалар кәсіби дағдыларды жетілдіруге, құқықтық мәдениетті нығайтуға және сот практикасындағы қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер судьялар тарапынан жоғары баға алды.

Алтыншысы – судьяларды қайта даярлау бағдарламаларындағы инновациялар. Академия тарихын-

бастап сот жүйесі басшыларын дамытуға дейінгі барлық деңгейлерді қамтитын судья кадрларының үздіксіз кәсіби даму моделіне айналғанын айғақтайды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауында цифрлық трансформация міндетін қойды. Академия бұл сын-қатерге қалай жауап береді?

– Сот жүйесін цифрландыру – қоғамның әділдікке сенімін тікелей байланыстыратын стратегиялық міндет. Президент мемлекеттік органдар, соның ішінде сот саласында жасанды интеллектті кеңінен енгізу қажеттігін атап көрсетті. Академияға Жоғары Сот Кеңесінің қолдауымен судьяларда цифрлық құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған пәндерді белсенді енгізуде. 2025 жылы біліктілікті арттыру курстарында «Сот ісін жүргізудегі және криминалистикалық зерт-

2025 жылы академия ауқымды жаңғыртудан өтті. Нақты тәжірибеге барынша жақын жағдайда дәлелдемелерді талдауға мүмкіндік беретін криминалистикалық полигон құрылды. Бұл практикалық бағыттағы оқытуға арналған бірегей алаң. Компьютерлік парк жаңартылды, оқу процесін цифрландыруды қамтамасыз ететін интеграцияланған білім беру жүйесі енгізілді – кестеден бастап оқуға үлгерімді мониторингілеуге дейін.

да алғаш рет сот төрағалары үшін стратегиялық ойлау, көшбасшылық және коммуникациялық құзыреттілікті дамытуға арналған қайта даярлау курстары іске қосылды. Бұл сот жүйесінің басқарушылық мәдениетін – тиімділік пен әділдікке бағдарланған мәдениетті қалыптастыру үшін негіз болады.

Жетіншісі – референдиат институтын енгізу. 2025 жылдың басынан бастап академияда алғаш рет судья лауазымына үміткерлерді терең дайындауға арналған бағдарлама жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқықтар бойынша үш кезеңдік интенсивті курс өткізілді. Бұл формат үлкен тиімділігін көрсетті және келесі жылы көлемі ұлғайтылатын болады.

Осылайша, жоғарыда аталған барлық жетістіктер бір нәтижеге тоғысады – яғни, бұл академияның болашақ судьяларды даярлаудан

теулер тағайындаудағы жасанды интеллект», «Сот жүйесінің трансформациясындағы цифрлық этика және сыни ойлау», «Сот төрелігінің цифрлық ашықтығы – жаңа коммуникация нысаны», «Құқықта жасанды интеллект қолдану» деп аталатын жаңа оқу курстары енгізілді. Бұл пәндер болашақ судьяларға цифрлық деректер мен электронды дәлелдердің құқықтық табиғатын түсінуге, жасанды интеллектті қолдану арқылы қабылданған шешімдерді бағалауға, технологияларды қолдануда этикалық көзқарас қалыптастыруға, киберқауіпсіздік пен жеке деректерді қорғау саласында компетенция алуға мүмкіндік береді.

Академияда цифрландыру – бұл судьяларды жаңа цифрлық дәуірге даярлау бойынша жүйелі жұмыс, ол соттық білім мен практиканың ажырамас бөлігіне айналады.

– Академияның материалды-техникалық базасын

белсенді жаңарту маңызды. Бұл бағытта не істелді?

– Біз қазіргі білім заманауи инфрақұрылымсыз болмайды деген қағидатты басшылыққа аламыз. 2025 жылы академия ауқымды жаңғыртудан өтті. Нақты тәжірибеге барынша жақын жағдайда дәлелдемелерді талдауға мүмкіндік беретін криминалистикалық полигон құрылды. Бұл практикалық бағыттағы оқытуға арналған бірегей алаң. Компьютерлік парк жаңартылды, оқу процесін цифрландыруды қамтамасыз ететін интеграцияланған білім беру жүйесі енгізілді – кестеден бастап оқуға үлгерімді мониторингілеуге дейін. Академияда медициналық пункт ашылды, магистранттар мен оқытушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Бұл өзгерістер білім беру процесінің тиімділігін арттыруға және академияның халықаралық стандарттарға сай болуына бағытталған.

– Жоғары Сот Кеңесі Академия мен сот білімін дамытуда қандай рөл атқарады?

– Жоғары Сот Кеңесі соттық білім беруді дамытудағы стратегиялық үйлестіруші болып табылады. Дәл осы орган судья кадрларын даярлау, іріктеу және бағалау саясатын анықтайды. Кеңес академияның ұйымдастырушылық басқаруын ғана емес, соттық білім идеялогиясын қалыптастырады. Оның басшылығымен академияда жоғарыда аталған іс-шаралардың басым көпшілігі жүзеге асырылуда. Кеңес сондай-ақ судьялардың қайта даярлығы мен біліктілігін арттыру сапасына қойылатын талаптарды күшейтеді, оқу бағдарламаларының тиімділігін бақылайды және академияның ғылыми-зерттеу қызметін қолдайды. Негізінде, Жоғары Сот Кеңесі мен Сот төрелігі академиясы біртұтас институт ретінде сот білімінің кәсіби элитасын қалыптастырады, ол тек оқытумен шектелмей, елдің сот білімінің кадрлық әлеуетін жүйелі түрде дамытады.

– Дмитрий Михайлович, 2027 жылы тұжырымдаманы жүзеге асыру аяқталғаннан кейін академияны қалай елестетесіз?

– Мен Сот төрелігі академиясының теорияны, практиканы және цифрлық технологияларды біріктіретін заманауи ғылыми-оқыту орталығы ретінде қалыптасатынына сенемін. Бұл заманауи талаптарға сай – білікті, этикалық және технологиялық сауатты судьяларды даярлайтын жаңа буын жоғары оқу орны болады. 2027 жылға қарай Академия Қазақстанның сот жүйесінің негізгі ғылыми-әдістемелік орталығына айналуы тиіс, мұнда тек мамандар ғана емес, заң үстемдігі мен қоғам сеніміне бағдарланған сот мәдениетінің өкілдері дайындалады. Жоғары Сот Кеңесі академияға қолдау көрсетуді жалғастыра береді, Қазақстандағы сот білімінің стратегиялық бірлігін және тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Санжар АБДРАИМҰЛЫ



ШИКІ ЗАҢ ШЕКЕНІ ҚЫЗДЫРМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кодексте сондай-ақ еңбек платформалары, нарықтар, қызмет агрегаторлары және әкімшілік цифрлық қызметтерді қоса алғанда, цифрлық делдалдарды реттеудің негізгі тәсілдері көрсетілген. Сандық дәлелдемелер тұжырымдамасы алғаш рет енгізіліп, оны азаматтық сот ісін жүргізуде және сот ісін жүргізуде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл сандық жазбаларды, журналдарды және транзакцияларды заңды маңызды дереккөздер ретінде тану жолындағы маңызды қадам.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері кодекс және заң жобалары бойынша оң қорытынды берді. Әйтсе де құжатта ескерілмей қалған мәселелер баршылық. Мұны сөз алған өзге де депутаттар айтты. Мәселен, депутат Мұрат Әбенұлының сөзінен түйгеніміз, азаматтардың жеке басын куәландыруға қатысты биометрия мәселесі толыққанды шешімін таппаған. Онлайн рәсімделетін несие келісім-

шарттарына қатысты тиімді шара жоқ. Негізгі мұндай үрдіске тоқтау қойып, несиелер тек биометрия арқылы ғана берілуі дәйектелуі керек еді. Биометриясыз онлайн рәсімделген несиелердің бәрі заңсыз деп танылу керек. Онлайн несие рәсімдеудің қажетті инфрақұрылымын толыққанды жасақтау талабы да ескерілмей қалды.

Депутат Мұрат Әбенұлының айтуынша, азаматтардың жеке басын куәландыруға қатысты биометрия мәселесі толыққанды шешімін таппаған. Онлайн рәсімделетін несие келісімшарттарына қатысты тиімді шара жоқ. Негізгі мұндай үрдіске тоқтау қойып, несиелер тек биометрия арқылы ғана берілуі дәйектелуі керек еді. Биометриясыз онлайн рәсімделген несиелердің бәрі заңсыз деп танылу керек. Онлайн несие рәсімдеудің қажетті инфрақұрылымын толыққанды жасақтау талабы да ескерілмей қалды.

Депутат Асхат Аймағанбетов цифрландырудың балалар санасына әсеріне қатысты алаңдаушылық білдірді. Бұл орайда ол балалардың көбінің TikTok, YouTube пен Instagram-нан көріп жүрген контенттерін ата-аналардың бақылап, қажет сүзгіден де өткізе алмайтындығын, оның балалар үшін сіріңкеден де қауіпті екеніне назар аударды. Қазір әлеуметтік желілерде зорлық-зомбылық, кибербуллинг сияқты мазмұндағы ақпарат көп. Бұл қалыптасу үстіндегі бала психикасына тікелей әсер ететін фактор. Әлеуметтік желілердегі алгоритмдер балаларды экранға байлап қою үшін арнайы жасалған. Бұл – балалардың қалтасында жүрген цифрлық ойын автома-

ты іспетті. Осыны түсінген бірқатар елдер тиісті шаралар қабылдауда. Мәселен, Қытайда балаларға арналған қосымшаларға уақыт шектеуі қойылып, тек білім беретін контент ұсынылады. Көптеген елдерде де заңнамалық реттеу жүріп жатыр. Бұл – тыйым емес, саналы әрі жауапты тәсіл. Ал бізде шексіз «бостандық», оны ешкім нақты реттемейді. Мәселе тек тыйым арқылы шешілмейді. Мұнда білім беру, балалармен ашық сөйлесу, цифрлық гигиенаны түсіндіру, сыни ойлау қабілетін дамыту аса маңызды.

Осы орайда тағы да Саурықовтың айтқанын келтіргіміз келіп отыр. Депутаттың айтуынша, Цифрлық кодексті жай ғана қағидалар жинағы емес, қоғамның мемлекеттің қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз ететін құрал ету қажет. Бұл орайда оған бірінші цифрлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, экономикалық процестерді цифрлық бақылау және жазалауға емес, алдын алуға бағытталған бейнебақылау мен аналитикалық жүйелерді дамыту нормаларын енгізу қажет. Сонда ғана бұл құжат Президент айтқан цифрлық құқықтық мемлекеттің берік іргетасына айналады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КИЕ

Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктетуіміз керек.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ЖАЛҒАҒАН МҰРА



Тіл – қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын,

мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі.

Қазіргі таңда адамдар жетістікке жету үшін кемінде үш тіл білуі керек. Ең бірінші кезекте адам толықтай өзінің ана сүтімен берілген ана тілін жеткілікті білуге міндетті. Екіншіден, өзінің тұрып жатқан елінің мемлекеттік тілін білуге, үшіншіден, егер тұлға адамзат дамуынан артта қалғысы келмесе халықаралық қарым-қатынас тілін білуге міндетті.

Т.ТОҚТАРБЕКОВ,
Зайсан аудандық соты
әкімшісінің басшысы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АЛТЫН ҚАЗЫНА

ТІЛ – ЕЛДІҢ АЙНАСЫ

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту құқықтық салада да өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе сот жүйесінде мемлекеттік тілдің орны ерекше, өйткені, ол – әділдіктің, қолжетімділіктің және азаматтардың құқықтық теңдігін қамтамасыз ететін негізгі құрал.

Азаматтық істер бойынша соттарға келіп түсетін талап қоюлардың басым бөлігі, өкінішке қарай, әлі де орыс тілінде рәсімделуде. Мысалы, соңғы айларда аудандық соттарға түскен талап қоюлардың ішінде коллекторлық агенттіктер мен микроқаржылық ұйымдардың өтініштері басым. Бірқатар микроқаржылық ұйымдардың барлығы талап қоюларын орыс тілінде беріп келеді.

Тек «КМФ (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» акционерлік қоғамы ғана өз құжаттарын мемлекеттік тілде рәсімдеп, сот ісін ана тілінде жүргізуге үлес қосып отыр. Бұл тәжірибе – өзге ұйымдар үшін үлгі болуы тиіс.

Қызылорда облысы соттарында азаматтық істердің шамамен 65 пайызы ғана мемлекеттік тілде қаралуда. Бұл – оң көрсеткіш болғанымен, толық қанағаттандырылғы деңгей емес. Себебі, сотқа түсетін құжаттардың көпшілігі әуел бастан орыс тілінде дайындалып, ішкі айналымда сол тілде жүреді. Ал, бұл өз кезегінде сот процесін толықтай мемлекеттік тілде жүргізуге кедергі келтіреді.

Мемлекеттік тіл – әділ сот төрелігінің тірегі. ҚР Конституциясында және «Тіл туралы» заңда мемлекеттік тілдің мәртебесі айқын белгіленген. Әрбір азамат өз ісін мемлекеттік тілде жүргізуге құқылы. Сот өндірісіндегі тіл – жай ғана қатынас құралы емес, ол – әділ шешім қабылдаудағы дәлдік пен түсініктілікті қамтамасыз ететін құқықтық негіз. Мемлекеттік тілде іс жүргізу – халыққа жақын болудың, азаматтардың сотқа сенім арттырудың бірден-бір тетігі. Сот төрелігінің ашықтығы мен айқындығы, азаматтардың өз құқықтарын еркін қорғауы тікелей тіл арқылы жүзеге асады.

Сотқа қатысушылардың арасында қазақ тілін жақсы білсе де, құжаттарын орыс тілінде дайындайтын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл – қалыптасқан тілдік әдет пен немқұрайлықтың салдары.

Ал шын мәнінде, талап қоюшылар мен жауапкерлердің қазақ тілінде іс жүргізуге толық мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік тілді қолдану – баршамыздың азаматтық борышымыз. Тіл – елдің айнасы, сот – сол айнадағы әділдіктің көрінісі. Сондықтан, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің үлесін арттыру – ұлттық міндетпен қатар, кәсіби жауапкершілік болып саналады.

Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу деңгейін көтеру – бір күннің немесе бір бұйрықтың нәтижесі емес. Ол – жүйелі көзқарасты, тұрақты еңбекті және әрбір қызметкердің ішкі ұстанымын талап ететін үдеріс. Әрбір сот, әрбір кеңсе қызметкері мен әріптес мемлекеттік тілде іс жүргізудің үлгісін көрсетуі тиіс.

Мемлекеттік тілде жүргізілген әрбір іс – ұлттық намыс пен құқықтық мәдениеттің көрінісі.

Р.АККАСИНОВ,
Жалағаш аудандық сот
әкімшісінің бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖОЛДАУ – ЖОЛБАСШЫМЫЗ

ЖИ ДӘУІРІНІҢ СОТ САЛАСЫНА ЕНГІЗІП ЖАТҚАН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауында еліміздің барлық саласының сандық дәуірге бейімделуі уақыт сұранысы екеніне үндейді. Осы орайда еліміздің сот жүйесі алғашқылардың бірі болып сандық технологияға бейімделіп, игілігін көрген болатын.

Бүгінгі таңда сот жүйесіндегі барлық өтініштердің 95%-ы сот кабинеті арқылы беріледі. Бұл өз кезегінде тараптарға әлемнің кез келген нүктесінен сотқа қашықтан жүгіну мүмкіндігін береді. Бейнеконференц байланысын белсенді қолдану, процеске қатысушыларға электрондық хабарламаларды енгізу, сондай-ақ істерді қараудың қағазсыз форматына көшу іс жүргізу шығындарын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

2016 жылдан бастап еліміздің барлық соттарында 60-тан астам ақпараттық деректер базасымен интеграцияланған «Төрелік» ақпараттық жүйесі жұмыс істеуде. Қазіргі таңда «Төрелік» 2.0 жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ақпараттандырумен барлық кезеңдер: құжаттарды қабылдау, істерді автоматтандырылған жүйемен бөлу, сот талқылауы мен шешімдерді беру қамтылған. Егер пандемияға дейін барлық сот отырыстарының

жартысына жуығы онлайн өткізілсе, пандемия кезінде бұл көрсеткіш 94%-ға жетті. 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап жасанды интеллект элементтерін қолданатырып, «Сот практикасының цифрлық талдауы» іске қосылды. Бағдарлама сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды бір-бірімен салыстыруға, даудың белгілі бір түрі бойынша кемшіліктерді анықтауға бағытталған.

Бұл жаңашылдықтың тағы бір жағымды тұсы – сервис азаматтарға дауды қарау нәтижелерінен қандай қорытынды күтуге болады деген болжамды алдын ала білуге мүмкіндік береді. Жүйе қалыптастырған сот актілері банкі судьяларға республикада бұрын шығарылған бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот актілерін табуға, оның іс жүргізудегі даудың санаты бойынша сот практикасын білуге көмектеседі және бірыңғай сот практикасына сәйкес дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізеді. Бүгінгі күні цифрлық технология жетістіктері сот саласының жұмысын жедел, ашық, қолжетімді етіп отыр. Ал ашықтық пен қолжетімділік өз кезегінде халықтың сотқа деген сенімін нығайтады.

Абай ШАРИПБАЕВ,
Қонаев қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

РУХАНИЯТ

Кентау қаласынан шыққан қылқалам шебері, суретші, ұстаз, шығармашылық тұлға, «Бабалар аманаты» этнографиялық дизайнерлер одағының мүшесі Болат Исабековтың есімі Қазақстанда ғана емес, өзге мемлекеттерде де кеңінен танымал. Оның қайталанбас туындылары жұрттың жүрегін бірден баурап алады. Ол бейнелеген әрбір кенепке туған жерге деген сүйіспеншілігі сіңген.

ҚЫЛҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІНЕН ӨРІЛГЕН МАХАББАТ



ғана көрермен суретшінің негізгі ойын ұғына алатынын атап өтті. Адам болған соң көңіл күйі тұрақты болмайтыны белгілі. Кейде шағармашылық адамдарының бірнеше уақытқа өнерден алшақтап қалатын, шығармашылық тоқырауға ұшырайтын кездері болады. Бірақ Болат Керімшеұлының шығармашылық жолында сурет салуға деген құштарлығының әлсіреген кезі болмапты.

Болат Исабеков – Кентау қаласының тумасы, бейнелеу өнеріне өмірін арнаған тәжірибелі ұстаз. Ол бүгінде Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі және Хантағы шығармашылық үйінің сурет үйірмесінің жетекшісі болып қызмет атқарады. Жас келсе іске демекші. Талантты жас суретші суретке қабілеті бар балаларға сабақтан тыс уақытта сурет салудың қыр-сырын үйретеді. 1988–1995 жылдары қаладағы сурет мектебімен бірлесе отырып Хантағы елді мекенінде қалалық сурет мектебінің филиалын ашып қызмет етті.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін суретшінің туындылары бір-біріне ұқсамайды. Қырық жылдық тәжірибесі бар өнер иесі шығармашылық жолында биіктен көрінуді ұстаздардан алған өнегесінің арқасында деп беледі. Сурет мектебіндегі алғашқы ұстазы Есімхан Жаппарбековке жаңадан шыққан әрбір туындысын көрсетіп, кеңес алып отырады. Сонымен бірге ол ұстазының кеңестік көркемсурет мектебі бүгінде әлемдегі ең үздік мектеп болып қала береді деп атап өтті. Станоктық кескіндемені оқыған суретші бұл жанрды бейнелеу өнерінің ең шыңы деп бағалайды. Станоктық кескіндеме арқылы Болат Исабеков іруі қара мен ұсақ тұяқтылардың жауырын және жіліктерін кескіндеу арқылы әртүрлі образды бейнелейді. Бұл төрт тұяқтылардың сүйектеріне жан бітірудің де өзіндік сыры бар екен.

Бейнелеу өнері – адам жанының, рухының тәрбиешісі. Әлем мойындаған өнер иесінің айтуынша, суретші өз туындыларын танымал болу, ақша табу үшін салмауы керек. Әр сурет туындысы жан тебіренісінен, жүректің толғанысынан туындауы тиіс. Әр картинаның өз оқиғасы, шығу тарихы болуы шарт. Сонда



Демек, осы кезге дейін қылқалам шеберінің шабаты сарқылмаған. «Өзімді шығармашылықсыз елестете алмаймын. Сурет өнері менің өмірімнің бір бөлшегі» дейді ол. Қылқаламсыз өмір сүре алмайтын суретші әлі де болса өзінің ең керемет картинасын жасауды армандайды. Оның әрбір картинасы өзінше портреттік бейне жайында сыр шертеді.

Бір өкініштісі, сурет өнеріне шығармашылық тұрғыдан өте әлсіз қыз-жігіттер келеді. Бірақ бұл олардың кінәсі емес дер едім. Мектеп бағдарламасында бейнелеу өнері мен сызу пәніне өте аз көңіл бөлінеді. Қала балалары да, ауыл балалары да тегін көркем студиялар мен үйірмелерге бара бермейді. Мен шәкірттеріме осы өнердің қыр-сырын үйрету үшін барымды саламын, – дейді ол.

Қазақстан педагогикалық академиясының профессоры, Қазақстан ұлттық дизайн академиясының академигі, Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшесі, Бабалар аманаты этнографиялық дизайнерлер одағының мүшесі, педагог-шебер Ы.Алтынсарин медалінің иегері Раушан Ақбердиева қылқалам шебері Болат Исабековты «акварель тех-

никасының майталман шебері» деп бағалайды. Сондай-ақ суретшінің шығармалары – қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық көрмелердің жүлдегері атанған. Оның туындылары «Бабалар аманаты» халықаралық альбом-каталогына енген және бұл жинақ бүгінде АҚШ-тың Бостон университетінің кітапханасында сақтаулы. Бұл – өнер иесі үшін ең жоғары баға.

Сонымен қатар, қалалық, облыстық, республикалық және Халықаралық көрмелерге жиі қатысып тұрады. 2023 жылы Қырғыз елінде өткен Халықаралық симпозиумына шақырылып, Ыстықкөлде марапатталады. Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі атанды. 1993 жылы ҚР халыққа білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1994 жылы Кентау қаласының «Жыл мұғалімі-94» номинациясының жеңімпазы атанса, 1997 жылы «Кентау қаласының ең таңдаулы суретшісі» атағын, «Қаратау тәжі» жүлдесін жеңіп алған. 2019 жылы «Еселі еңбек» медалімен марапат-

талады. 2022 жылы «Бабалар аманаты» медалінің алғашқы иегері, «Кентауға 70 жыл» облыстық суретшілер сайысында 1-орынды иеленді. Қазіргі таңда «Бабалар аманаты» этнографиялық дизайнерлер одағының, Еуразиялық дизайнерлер одағының, сондай-ақ Ресей Федерациясының шығармашы суретшілер одағының мүшесі.

Жақында Болат Исабеков Кентау қаласының 70 жылдығына орай «Көңіл толқыны» атты жеке көрмесін өткізді. Автор көрермендерге бірнеше туындысын, оның ішінде еш жерге қойылмаған ең жаңа суреттерін көрсетті.

Қанша танымал болса да өзін халқынан төмен санайтын суретші жиі қайырымдылық жасап отыруға тырысады. Ал жүрегі ізгі жаннан барлық жақсы қасиеттер, биік өнер туындылары шыға беретіні анық. Ендеше, боюлармен сыр шерткен, әр суретінде терең ой мен нәзік сезім жатқан шығармалардың иесі Болат Керімшеұлының туындылары өнер-сүйер қауымының көңіліне жол тауып, Болат мырзаның шәкірттері де өзі секілді әлем мойындаған қылқалам шебері болары анық.

Раушан НАРБЕК

РУХАНИ КЕШ

ДІНИ БАСҚАРМАҒА – 35 ЖЫЛ

Алматы қаласында Ұлттық кітапханада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 35 жылдығына арналған «Діни басқармаға – 35 жыл» атты рухани кеш өтті. Мемлекет басшысы өз құттықтауында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) елдің бірлігіне, имандылығына, ел ынтымағына орасан зор үлес қосып келе жатқанын айтты.

«Біз еліміздің рухани өміріндегі ерекше тарихи кезеңге куә болып отырмыз. Осыдан 35 жыл бұрын 1990 жылы халқымыздың рухани болмысы мен діни бірлігін сақтау мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылған болатын. Бұл ел тарихындағы айтулы оқиға. Халқымыздың тәуелсіздікке аяқ басқан сәтінде рухани тәуелсіздіктің іргетасын қалаған маңызды кезең еді. Содан бергі жылдар ішінде діни басқарма еліміздің діни өмірінде берік орны бар, халықтың сеніміне ие, дәстүр мен дінді ұштастырған қара шаңыраққа айналды. Құрылған сәттен бастап Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ел бірлігі мен рухани тұтастықты сақтау, қоғамда имандылық пен ізгілікті насихаттау бағытында үздіксіз қызмет атқарып келеді. Алғашқы бас мүфтиіміз Рәтбек қажы Нысанбайұлы бастаған ұлт руханияты жанашырларының еңбегі

бүгінгі дамудың берік іргетасына айналды. Одан кейінгі мүфтилеріміз де дәстүр сабақтастығын жалғастырып, діни басқарманың өрісін кеңейтіп, ел мүддесіне қызмет етудің жаңа бағыттарын қалыптастырды», – деді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

Бас мүфтидің сөзіне қарағанда, 2024 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Пәтуа бөлімі ажырасуға бел буып келген 500-ге жуық отбасының шаңырағының шайқалмай, олардың ары қарай өмір сүруіне себепші болды. Егер оған бұл қызметті ешкімге айтпай, ешкімге жарияламай атқарып жатқан имамдардың да еңбегін қоссақ, сауатты шараның еселене түсетіні анық.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2025 жылды Ислам және отбасы құндылығы жылы деп



жариялаған болатын. Бұл бастама отбасының берекесін арттырып, асыл құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Сондықтан да мерейтойлық жиында М.Әуезов атындағы қазақтың ұлттық драма театрының актерлары отбасы құндылықтарының мәнін ашатын, діни қызметкерлердің көзге көріне бермейтін еңбегін бейнелейтін сахналық көрініс қойды.

«Кеңестік кезеңде мұсылмандарға арналған бірде-бір ресми медресе болған емес. Бүгінде 9 медресе, колледж, имамдардың республикалық білімін жетілдіру институты, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, қарилар даярлау орталықтары, ҚазИслам порталы жұмыс істеп тұр. Шетелде білім алған азаматтар үшін қайта даярлау бағдарламалары енгізілді.

Өйткені әр елдің білім стандарттары әрқилы, бағдарламалар әр бөлек. Оларды Қазақстан ұстанымдарын үйлестіру, бағдарламаларына кіріктіру қазір онды шешімін тапқан», – деді ҚМДБ жанындағы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Марат Тоқашбаев.

Оның сөзіне қарағанда, ҚМДБ алғаш құрылған кезде оны ары қарай алып кетуі екіталай, сауатты мамандары, кітаптары, мешіттері жоқ дегендер аз болмаған. Өйткені 1989 жылға дейін одақ көлемінде 400-ге жуық мешіт болған және оның басым бөлігі Өзбекстан мен Түрікменстанда орналасқан. Ал ҚМДБ құрылған кезде Қазақстанда небәрі 56 ғана мешіт болса, бүгінде халықтың имани деңгейінің өсіп, ауызбіршіліктің арқасында мешіт саны 3 мыңға жақындады және олардың барлығы бір орталыққа бағындырылды.

Мерейтойлық шара кезінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының алғашқы бас мүфти Рәтбек қажы Нысанбайұлы (1990–1999 жылдары) және ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің мүшелері Ержан қажы Малғажыұлы (2013–2017 жылдары бас мүфти), Имамдар институтының директоры Серікбай қажы Ораз хазірет (2017–2020 жылдары бас мүфти) «Шарапат» орденімен марапатталды. Сондай-ақ Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы Керім Шамшидин; Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Дінтану кафедрасының профессоры Әлмұхаметов Әли; Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің профессоры, ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің мүшесі Мұхитдин Исаұлы; Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің профессоры, ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің мүшесі Әділбаев Алау, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов; Қазақстанның халық жазушысы Смағұл Елубай; Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Марат Тоқашбаев; ҚМДБ жанындағы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, аудармашы Зәріпбай қажы Жұманұлы Қазақстан мұсылмандары басқармасының 35 жылдық мерекелік медаліне ие болды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

3. Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» КММ (БСН 250640013886) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Әлия Молдағұлова көшесі, 10-ғимарат. Тел.: 8(718) 376-41-12.

4. «FX ORTHOPAEDICS KAZAKHSTAN» ЖШС (БСН 221140044200) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Белбұлақ ауылдық округі, Белбұлақ ауылы, Байқоңыр көшесі, 2А ғимарат.

5. «Твой Доктор» ЖШС (БСН 210940002864) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Жолдасқали Досмұхамбетов көшесі, 12/9-құрылыс.

6. «AULYEATA» ЖШС (БСН 191140000419) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Жансая ықшам ауданы, 43-үй, 19-пәтер. Тел. 8 777 750 12 77.

7. «BolashakBastauMed» ЖШС (БСН 211240008503) ҚР, Шымкент қаласы, Тұлпар шағын ауданы, 4А-үй, 39-пәтер, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мен өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 12А үй. Тел. 8 708 157 39 84.

8. Облыстық білім басқармасының «Жөндеу-құрылыс учаскесі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (БСН 981140012329) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Зачаганск кенті, Болашақ шағын ауданы, Бопай Ханым көшесі, 13/1 үй. Тел. 8-702-799-73-03.

12. «Батыс Профит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 200140004106) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР Батыс-Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 194-үй, 5-пәтер.

13. «Туристическая фирма «Асель» ЖШС, Қостанай қаласы филиалы (БСН 150841022470) өзінің таратылғанын хабарлай-

ды. Шағымдар хабарландыру жарияланғаннан кейін екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 37-үй, 2-пәтер.

14. Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «Нығыман бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нығыман ауылы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 17 ғимарат.

16. «ДМ-Энерго» ЖШС (БСН 081240002509) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Герцен көшесі, 1А ғимарат, тел. +7-777-753-53-09.

ӨРТУРА

2. «Ломбард Auto money (АВТО мани)» ЖШС (БСН 180840014955) орналасқан жерінің 2025 жылғы 13 қарашадан бастап пошта инд. 050016, ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сүйінбай көшесі, 2, 5 корпус, 2-кабинетке мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды.

9. «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) (БСН 020640002982) Серіктестіктің жарғылық капиталы 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеге азайту туралы өзінің кредиторларын хабардар етеді. Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 25-шағынаудан, 46-ғимарат.

10. «Gourmet People» ЖШС-нен (БСН 250240023869) «Sirena Restaurants» ЖШС-ін бөлу арқылы қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 280, индекс 050040. Тел.: +7 778 900 77 70.

11. «Өскемен қаласының Көлік Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 180440012082) Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 қазандағы қаулысына сәйкес жарғылық капиталдың 2 335 601 695, 34 теңге мөлшерінде азайғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 154Б. тел. 8(72 32) 602000.

15. Алматы қаласы Алмалы аудандық №2 сотының, Төле би көшесі 267 мекенжайында орналасқан, судья Бидахметова Ш.Б. (тел. 8-776-670-06-06) шығарған анықтамасына сәйкес, өтініш беруші 1997 жылғы 18 сәуірде туған, ЖСН 970418401533, Алматы қаласы, Розыбакиева көшесі 23А, 6 пәтер мекенжайында тұратын Боровых Анжелика Александровнаның өтініші бойынша №7520-25-3-1/26997 нөмірлі іс қозғалды. Іс-20.07.1944 жылы туған, ЖСН 440720401317, Ковшова Александра Филипповна қайтыс болды деп жариялау туралы. Азаматша Ковшова Александра Филипповнаның қай жерде жүргені туралы мәліметі бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде сотқа хабарласуы сұралады. Тел.: 8-776-670-06-06.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

17. Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының судьялар қауымдастығы сот жүйесінің ардагері, отставкадағы судья

Әменов Сағынай Қалиоллаұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, оның отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естап көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256500.

Ақиқатты іздеген тергеуші – тек маман емес, азамат болуы керек.

А.ҚАЙСЕНОВ

Шымкент қалалық Полиция департаментінің Тергеу бөліміне жаңа тағайындау туралы бұйрық шыққан сәтте-ақ, қызметкерлер арасында «басшылыққа полковник Абылай Қайсенов келе жатыр екен!» деген сөз бүкіл қабатты шарлап кетті.

Кеңсе бөлімінде отырған Айжан: – Жаңа бастық тым қатал екен деп естідім, – деп қасында отырған Гүлмираға қарады. Ол полковник жұлмында көп білетін болып шықты: – Айжан, бұл есім – бізде аңызға айналған әділдіктің символы. Абылай Әзімханұлы – қылмыстың түбі-

өлім, әрі онда жемқорлық белгілері бар. Мұның артында әлдеқайда бір ірі тізбек, ұйымдасқан топ жатқандай. Жәбірленуші – Жанар есімді келіншек.

Абылай сәл кідіріп, қаламын қойып, орнынан тұрды. Шымкент қаласында жаңа күн туып келе жатқанымен, тергеу бөлімінде күрделі ойын басталды. Бұл ойынның ережесі – адалдық пен айла, шындық пен жалғанның шарпысуы. Ал Абылай Қайсенов – бұл ойында жеңілетіндердің қатарында болуға келіспейтін азамат. Ол қарсыласының кім екенін білмесе де, оның артында қандай көлеңке тұрғанын сезеді. Бірақ бір нәрсе анық: «Шындық – судың бетіне қалқып шығатынындай, қылмыстың да қадамы

нұры бар екен. Бұл жақсылықтың белгісі. Бастысы, амандықта болайық, бауырым, сенен хабар күтемін, – деп Жанар үйіне қайтты.

Абылайдың бір істі қолына алса соңына жеткізбей қоймайтын бөрідей алғыр мінезі бар. Жұмыс үстеліндегі жаңа түскен істердің арасында жатқан қызыл түспен белгіленген «Жомарт Құдайбергенов. Қылмыстық кодекс 99-бап. Кісі өлтіру» – деп жазылған папканы суырып алды да, мұқият қарап, ішінен іліп алар дәлел іздеді. Абылай терең тыныс алып, бір сәт үнсіз қалды. Саусағы қаламға барып тірелді. Ол кісі өліміне қатысты істі қарағанда, алдымен құрбан болған адамның кім екенін толық зерттеп алуды әдет қылған.

Сенің шындығың енді менің мойнымда...».

Таңғы сағат 07:50. Көшелерде көлік аз, сары лентамен қоршалған Жомарттың үйінің алдында адам жоқ. Полиция көліктері, криминалистер, жедел топ мүшелері қозғалыс үстінде. Полковник Абылай Қайсенов оқиға орнына жай кірмейді. Ол әрқашан сырттан бақылап, ішкі әсерге беріліп барып қадам басады. Жол шетінде 2 минут үнсіз тұрды. Үйге, көлікке, жаяу жүргінші жолына қарады. Қарап тұрып мынаны байқады:

Көлік жүргізуші орнында тұр. Оң жақтағы есік ашық. Жол жиегінде қан тамған, бірақ шашыраған емес – бұл жәбірленушінің бірден құлағанын білдіреді. Үйдің кіреберісі – таза. Ешқандай тартыс болмаған. Ал есік алдында бір байланыс парағы (визитка) жатыр. Су тиіп, кейбір жазулары өшіп кеткен. Әйел адамның есімі жазылған сияқты. Абылай ең-

тергеу тобына беретін түсініктемесі үлкен көмек. Сол үшін Абылай онымен жеке сөйлесуді сұрады, Жанар бірден келісіп, тергеу бөлімшесіне барды.

– Жанар ханым, марқұм күйеуіңіздің соңғы күндері кіммен байланысы күшейіп еді?

Жанар ойланбастан:

– Болат. Жомарт оны ұлындай көрді. Ақша берді, бизнес бастатты, үй әперді. Тіпті өзіне арнайы фирманы ашып, оның басшысы етіп тағайындады. Сол бекер болды. Ол осы биікке жеткен соң қатты өзгерді. Мінезінде құбылмалық пен кісілік пайда болды. Соңғы кездері екеуінің арасы алыстап кетті. Жомарттың оған деген сенімі мен көзқарасы суып бара жатты.

– Неге?

– Себебі, құрылыс компаниясының Болат басқарып отырған бөлімшесінде қаржы жымқыру жағдайлары жиі орын ала бастады. Ортақ есепшотқа ақша түспейтін болды. Жомарт бұл күмәнді жағдайды соңғы кездері анық байқап бастады. Бұл Болатқа ұнамады. Ол түрлі сылтаулар айтып, үнемі сытылып кетіп жүрді. Сондай-ақ бірде мен Болаттың жасырын байланыстары бар екенін байқап қалдым. Есіктің артына жасырынып, бір әйелге ақша аударып жатқан кезде әңгімелерін құлағым шалып қалды. Ал Жомартқа: «Мен саған бауырым», – деп алдады.

Абылай дәптеріне бір ауыз сөз жазды:

«Аударым – әйел – айғақ».

Сосын сәл ойланып тұрып:

– Жанар ханым, марқұм күйеуіңіздің телефоны кімде? – деп сұрады.

– Менде. Бірақ бұғаттаулы.

Абылай үнсіз отырып, ұлы Медғатты есіне алды. Ол – IT маманы.

«Сенің қабілетің енді әкеңе емес, ақиқатқа қызмет етеді, балам...» – деді іштей. Абылай Медғатты жұмыс орнына шақырып, Жанардың қолындағы ұялы телефонның бұғауын шешкізді. Жомарттың ұялы телефоны көптеген құпияны ішіне бүккені анық. Абылай сол себепті Жанардан телефонды уақытша қалдырып кетуін сұрады. Ол: «Маған қылмыстық істің тез ашылғаны маңызды» деп Жомарттың қол телефонын үстелге қойды. Абылай Жанарды үйіне апарып салды да, оқиға орнын тағы бір мәрте шолып шығып, Жомарттың ашық қалған көлігінің есігін жапты. Тергеу енді қыза бастады. Ол іштей ойлады:

– Бұл істің түбі – сатқындық. Ең ауыр қылмыс – сенімге жасалған опасыздық.

Кешкі сағат сегізден асып кеткен. Абылай кабинетінде жалғыз отыр. Үстел үстінде – Жомарттың қара телефоны. Экранда әлсіз жарық жанып тұр: «Құпия код енгізіңіз». Үстел шамының сары сәулесі оның шаршақты жүзіне түсіп, көлеңке мен жарықтың арасында бір сұр әлем орнағандай. Абылай ескі блокнотын жайып, онда мұқият жазып шыққан жазбаларға көз жүгіртті. «Жомарттың туған күні, жұбайының, қыздарының туған күндері, үйдегі Wi-Fi паролі, сүйікті футбол клубы...». Бәрі де мүмкін болатын код нұсқалары. Ол ойланп отырды. Телефон коды – адамның ішкі әлеміндегі құпия сейф. Оған кез келген сан емес, жүрекке жақын, мағыналы нәрсе қойылады.

«Адам кодты кездейсоқ қоймайды. Әсіресе, сенетін адам – жүрегіне жақын сандарды таңдайды. Мүмкін, әйелі Жанардың туған күні шығар? Жоқ... балалардың ба? Әлде...»

Алмагүл СЕРІКҚАЛИЕВА

(Жалғасы бар)

АР ЖАЗАСЫ –


не үңілмей тынбайтын, шындықты шегіне жетпей шегінбейтін хас тергеуші. Халық: «Тәңір оны әділдік үшін жаратқан» – деп бекер айтпайды. Оның көзқарасы – мұздай, сөзі – салмақты. Бір сөз айтса – тасқа басқандай. Ешкімге жалтақтамайды, ешкімге жағынбайды. Ар-намысты бәрінен биік қояды. Оның болмысы – Көкбөрідей: жалғыз жүріп, әділетсіздікпен күреседі. Әр істе шегедей қағылып, ақиқаттың тамырын тапқанша тыным таппайды. Басқа тергеушілер қағазға үңілсе, ол – шындықты адамның көзінен оқиды. Бір ымнан, бір тыныстан, кейде үнсіздіктен де айғақ таба алады. Тергеу бөлмесіне енсе, ақиқаттың тылсымы ашылады. Қылмыс – тізе бүгеді. Ұйқысыз түн, тынымсыз күн оған жат емес. Жүйелі ойлау мен орасан еңбек оны уақыттың өзінен озық қылған. Ол – парасат пен тәртіптің үйлесімін мінсіз меңгерген маман.

Осы кезде кеңсеге жұмыс бабымен кірген майор Асқар Еркембаев қыздардың әңгімесін естіп, олардың сөзін жалғастырып алып кетті:

– Иә, Гүлмира ханым дұрыс айтады. Абылай Әзімханұлы – нағыз хас шебердің өзі. Мамандардың маманы. Қай іссапарға барса да, күрмеулі істің сеңін бұзады. Жемқорлыққа жаны қас, – деп күлімсіреді.

Абылай Әзімханұлы – қырықтың қырқасынан асқан жігері мен рухы мықты, тұлғалы азамат. Кішкентайынан спортқа құмар, еркін күресті кәсіби деңгейде меңгерген. Кең иықты, дене бітімі жинақы, тік жүрісті. Қадамы – сенімді, көзқарасы – өткір. Ол бір қарағаннан адамның жан-дүниесін шолып, ішкі ниетін көзінен танытын бірегей жан. Ел аузында жүрген бір оқиға бар: бірде аялдама маңында бір топ бұзақы жас қызды қорлап жатқанда, ол ойланбастан араша түсіп, жалғыз өзі әлгілерді сабасына түсірген. Ол үшін марапат күтпеді. Себебі, оның ұғымында бұл – қарапайым адамдық міндет. Абылай – тек тергеуші емес, логика мен түйсікті қатар меңгерген интуитивті стратег. Іс материалдарын парақтамай тұрып-ақ, оқиға орнындағы ұсақ белгілерден тұжырым жасайтын, адамның бет-жүзіндегі болмашы гримасадан шындықтың ізін табатын хас маман. Ол – сезімге берілмейді, бірақ жан жарасын жазатын дәрігердей. Қылмыстың сызбасын қағазға емес, ақыл мен жүрекке салады. Әрбір істі – тағдыр ретінде қарайды. Сондықтан да ол сенімге лайық, тәртіпке мінсіз. Қызметте мансапқа емес, ар алдындағы жауапкершілікке жүгінеді. Оның келгені – әділеттің келгені.

Соңғы уақытта тергеу бөліміне түскен бір іс Абылайдың түн ұйқысын қашырды. Тапсырыспен болған



АҚИҚАТ АЙНАСЫ

қысқа. Тек соған дейін сабыр мен сенім керек».

Жанар ұзақ күткен жаңа тергеушімен танысу үшін Шымкент Полиция департаментінің Тергеу бөліміне қарай асықты. Қабылдауда екі-үш адам отыр. Ішінен: «Жанар, сабырлы бол!» деп өзін-өзі тежеп қояды. Түскі уақыт болмай кезегі келді. Кең бөлмеде сұңғақ бойлы, иығын тік ұстаған, жүзінде қатқыл сабыр бар полковник отыр. Қайсенов Абылай Әзімханұлы. Жанар:

– Ассалаумағалейкум, бауырым! – деп, сәлем беріп кірді.

– Уағалейкумассалам, әпке! Кіріңіз, отырыңыз.

– Абылай Әзімханұлы, мен Жомарт Құдайбергеновтың мәселесімен келіп отырмын. Абылай: – Иә, мен әлі бұл іспен толықтай танысып үлгермей жатырмын. Іс нәтижелі болуы үшін сізбен тығыз байланыста жұмыс жасайтын боламын.

– Сіз менің ұзақ күткен тергеушім боласыз. Қылмыстық іс қозғалмай көп жатып қалды. Киллер мүлдем табылар емес. Ол болмаса Болатты мойындату оңайға түспейді.

– Жанар ханым, сабырлық танытайық. Бұйырса, опасызды таппай, жазаламай қоймаймыз. Әділдікке жету үшін аянып қалмаймыз.

– Мен алдымен АЛЛАФА, содан кейін сізге сенемін.

– Іспен толық танысқан соң сізді арнайы шақырамын.

– «Түсі игіден түңілме» дейді балаларымыз. Келбетінде жылулық

– Жомарт Құдайбергенов. 55 жаста. Жеке кәсіпкер. Көпшілікке сыйлы, елге танымал. Досының кедей інісін байытып, оған қол ұшын беріп, қызметке тағайындап жүріп, соның опасыздығынан мезгілсіз көз жұмған.

Абылайдың іші қайнап, қасы көтерілді.

– Ал сол «досы» – Болат Қожабаев. Қазір жеке бизнесмен, соңғы екі жылда күрт байып кеткен.

Ол орнынан тұрып, картаға қарап:

– «Жақсы адамды өлтірсе – панық, опасыз, зұлым адам болғаны», – деп сыбырлады өзіне ғана естілер үнмен.

– Бұл – тұрмыстық кек емес. Бұл – ішкі сатқындық.

Абылай дереу көмекшісі, жас тергеуші Асанға:

– Асан, ертең таңғы 8-де оқиға орнына барамыз. Камера жазбалары, куәгерлер, жедел жәрдемге дейінгі деректер – барлығы қажет. Асан орнынан тұра бергенде, Абылай сәл аялдап:

– Айтпақшы, Асан... Ертең назмаға апта сайын баратын жұрт арасынан біраз адамдарды сөйләтіп алшы. Халық естігеннің көбін айтпайды. Бірақ шындықтың үні кейде құлақта емес – жүрекке тұрады. Абылай бөлмеде жалғыз қалды. Терезеден түнгі қаланың жарығына қарап тұрып:

– «Сен өлген жоқсың, Жомарт.

кейіп, оны пинцетпен көтеріп алды. Көмекшісі Асан таңырқап қалды:

– Полковник, бұл елеусіз зат сияқты ғой...

Абылай жымып:

– Асан, қылмыс ешқашан толық болмайды. Артында үнемі бірдеңе қалады. Ең маңызды айғақ – көбіне ең кішкентай деталь. Криминалистер үй маңындағы төрт камерадан жазбаларды әкелді. Бірақ екеуінің көру бұрышы шектеулі. Үшеуінде күдікті тұлға қартуша, капюшонмен, бет-жүзін жасырған. Бірақ Абылай камерадағы кадрлардан күдіктің аяғының көлеңкесіне назар аударды. Ол тоқтады:

– Көлеңке адамға опасыздық жасамайды. Қарудан бұрын, адам алдымен өз қозғалысымен байқалады. Ол бейнелі кері айналдырып, жіті қарап шықты. Содан кейін көмекшісіне:

– Мына адамның оң аяғы жүріс кезінде сәл сыртқа қарай қисайып, сол иықпен қатарласа қозғалады. Бұл – солақай адамның жүріс ерекшелігі. Ол – солақай.

Асан көзі жайнап:

– Яғни, сіз оны бір бейнеден анықтадыңыз ба?!

– Жоқ, Асан. Мен тек көлеңкеден күдіктің шығардым. Анықтайтын – дәлел. Ал әзірге біз болжамды нақтылауға қадам жасап жатырмыз. Қылмыстың анық-қанығына жету үшін Жомарттың жары Жанардың